Әбілфайыз (Алтай) Ыдырысов,
профессор, жазушы

ҚАЙРАН ДОСЫМ ТЕМКЕМ!

Тіршілікте қасиеттінің – қасиетін, қадірлінің – қадірін, жақсының – жақсылығын, жайсаңның – жайсандығын көз алдына көлегейлеп көрсетпейтін, пендешілік-ай! Сол пендешілік кесепаттың салдарынан бағалайтын нәрсені – бағалай алма й, көретін дүниені – көре алмай, білетін жайды біле алмай қапыда қалады екенбіз, мына қу дүние алдамшы тіршілікте. Шыны керек, тірілігімізде, әсіресе, адам-азамат болып, Темкем ғылым кандидаты, кейін доктор атағын алып, декандыққа қолын жеткізді, мен редакторлықтан босаған кезде, кейінгі отбасы болған шақтағы балдай тәтті достығымызға болмашы нәрседен сызат түсті, екеуміздің арамыздан қара мысық өтті, Темкем! Сол себепті Мадетжан өзің 2004 жылы «Тау тұлғалы Темаға» деген тамаша естелік кітап шығарғанда мен бейбақ оған Темкең жайлы бір ауыз сөз де жазбаған екем деп өкіндім. Неткен пендешілік?! Неткен масқара?! деппін.

Құдай-ау, «жаманның ақылы түстен кейін кіреді» демекші, Мадетжан шығарған кітабын пәк жүрегімен өзі үйіме әкеп берген соң, оны оқып шыққаннан кейін қап деп пендешілігіме опық жейін кеп! Содан, Темкем, әруағың алдында күнәмді қалай кешіретініңді білмей жүргенмін.

О, тоба! Мадетжан жуықта: «Аға, папам жайлы бұрыңғы естелік кітапты жаңалап шығарайын деп едім... Соған...» – деп, телефон шалды... Уһ! Мұндай қуанбаспын ба! Әруағыңнан садаға кетейін, Темкем, кешіре гөр! Мына

жүрек жарды естелігімді өзіңнің қасиетті әруағыңнан сол бір пендешілік әбестігім үшін кешірім сұрайын деп арнайы жазып отырмын. Сен туралы 35 жыл бірге өмір кешкен курстасың, өзің мен кезінде жастық шақтың ұмытылмас қызық-шыжығын бірге бастан кешкен өзің әрі қалжыңдап, әрі еркелетіп дүниеден өткеніңше Алпаным деп атап кеткен досың жазбағанда бірінші болып кім жазбақ?! Әрине мен жазуға тиістімін! Кеште болса, сол жолдастық борышымды өтейін дедім! Бірақ, бәрін де басынан бастайын.

Сені, Темкем, алғашқы өзің туралы естелік кітапты: «Тау тұлғалы Тем аға» – деп, метафоралап атапты. Өте дұрыс! Өмірде сен сондай тау тұлғалы болдың! Өмірден сондай тұлғалық қасиетіңмен шаужайыңнан алғандардың, балтырыңнан қапқандардың, етегіңнен тартқандардың, сағыңды сындырмақ болғандардың біріне де ұлылық басыңды имей, өр кеудеңді бастырмай өттің! Ешкімге де дес берген жоқсың! Сен Темірбек Қожакеев – сатира сардары болып қалдың!

Бірақта, «Тау тұлғалы Темаға» атты тұғырлы естелік кітапта сен жайлы жазғандардың бірі де сол Тау тұлғалы биік құзға сенің бастапқы қадамды қалай жасағаның жайлы бір ауыз сөз айтпаған екен. Сондықтан да мен өз жүрек жарды естелігімде сол жайында айтпақ боп отырмын. «Бәрін басынан бастайын» деуімнің сыры,міне, осында жатыр. «Сен онда жиырмадан жаңа ғана асқан, әскерге барып, күні кеше аяқталған Ұлы Отан соғысының зардабын шеккендерді көзімен көріп, қолына кәдімгідей мылтық ұстаған кешегі құйтақандай жауынгер едің! Үстінде сол әскери киімің болатын. Оны үстіңнен бір тастамайтын едің, Ахметбек Дәуренбек, Мороз, мен, және өзің төртеуіміз университеттің Комсомол көшесі бойындағы бір жағы оқу корпусы болған жатақханасында, бір бөлмеде жаттық.

Біз Ахметбеков екеуміз мектепті енді ғана бітіріп келген сары ауызбыз. Мороз екеуің әскерден келген

жауынгерсіңдер. Мороз деген хохол жігіт барып тұрған өркөкірек әрі ұлтшыл еді. Бізді «қырғыздар» деп менсінбейтін. Бірде сол өркөкірек мені айтқанын бірден істей қоймағаным үшін сабауға ұмтылды. Екі қабатты темір кереуеттің үстінде жататын мені орнымнан еденге жұлқып түсіріп, ұрмақ болды. Сол сәтте кереуеттің астындағы орында жататын сен, Темке, жалма-жан орныңнан атып тұрып, оған: «Ей, хохол доғарғын! Оған тиіспегін! Кімнің елінде екеніңді, кімнің жерінде жатқаныңды ұмытпа!» – дедің! – маған араша түсіп. Сөйтіп еңгезердей хохол жігітіне мені сабатпадың. Сонда-ақ: «Дорогой,будь достойн, Кобзарю Шевченко, уважай казахов, как он!» – деген ұтқыр сөзіңмен оның мысын да бірден басып тастадың. Содан бастап, жетімдер пансионатынан келген «қос жау жүрек», біздер Дәуренбек екеуміз саған риза болып қалдық, бірге жатқанымызға біздердің де бірер күн ғана болған еді. Содан бастап өзіңді кім екеніңді білмей жүрген әрі денеңнің кішкентайлығына қарап, кешегі “құйтақандай” солдат деп менсініңкіремей жүрген біздер, сені Темке! – деп атайтын болдық. Сонан кейін өмір бойы солай деумен кеттік қой! Сені, Темке, курсымыздың старосталығына да бірінші боп Дәуренбек екеуміз ұсынғандық. Бірге оқитын студенттердің ішінде екі сайып қыран жігіттің арасында Бекмырза Баймаханов, Абиболла Ахметов және Ибрагим Шыназбек сияқты зіңгіттей-зіңгіттей офицерлер де бар болатын, соған қарамастан біз сенің староста болғаныңды жөн деп таптық.

Абырой болғанда пансионаттық біз сияқты «пысықайлардың» ұсынысын оқу бөлім бастығы Қайрекең де (Қайыржан Нұрғожаұлы Бекхожиннің) қолдады. Сөйтіп сен бірден старостамыз болғансың, Темке! Жұмысыңды дөңгелетіп алдың да кеттің. Содан, әу бастан-ақ, арамызда Гүлжауһар деген қыз бар еді, оны біздер «жетім торғайымыз» деп атайтынбыз, және 22 сайыпқыран жігіттің старостасы болдың да кеттің.

Курста бүкіл университет тарихында тұңғыш рет «Ұшпа газет» деп аталатын газет шығатын. Ол, шынында, ғажап сатиралық материалдар жариялайтын газет еді. Онда курстағы қалт еткен «қисық қимыл»: сабаққа кешігіп келу, семинарларға дайындалмау сияқты кемшіліктер жер-жеріне жеткізе әжуаланды. Ол газет сондай «қылықтар» жасағандардың абыройларын айрандай төкті. Сондықтан, газетті аптаның соңында сабақтан кейін Тәжімағанбет Тәкиков деген курстасымыз ауызша оқитын. «Ұшпа газеттің» қалжыңына тап болмайық!» деп, оқуға келмей қалу түгілі, кешігіп қалмайық деп те есіміз шығатын. Ал, семинар сабақтарына дайындалу, онда сөйлеу деген тобымызда нағыз бәсекеге айналды. Бұл бәсеке кейін көпшілік кітапханасында сабаққа дайындалу жарысына ұласты. Таңғы сағат сегізден ашылатын Пушкин атындағы көпшілік кітапханасы ашылысымен біздер сонда барып, кітапхана жабылғанша оқуға жарыса дайындалатынбыз, сөйтіп оқу жарысы басталатын. Сондай жарыспен емтиханда мықтап дайындалғандар қысқы-жазғы сессия кезінде, сынаққа бірінші болып барып «бес» алып шығатын. Үздік оқу бәсекесі еді бұл. Және тобымызда емтиханды беске тапсыру бәсекелесі пайда болды. Ондайлардың сапына тұрғандар: Ізімберген Есхожинді (кейін, Гурьев облрадиосы төрағасы, «Қайнар» баспасының бас редакторы) Қайыркен Сағындықовты (кейін «Егемен Қазақстан» газеті бас редакторы орынбасары, «Қазақстан» баспасы бас редакторы) мына мені Темке, бәрімізді өзің бастап жүрсің. Соның бәрінде бәрібір сен біріншілікті ешкімге де бермедің.

Осы арада мына бір жай есіме еріксіз түсіп отыр. Ол, алдымен, Темке, сенің сатираға бетбұруыңа тікелей қатысты әңгіме. Сондықтан оны айтпай кете алмаймын. Өйткені, ол: Темкеңнің сатираға қадамды қалай басқанына тікелей қатысты жай. Кезінде курстастар тобымында әлгіндей, әр түрлі «бәсекелестікке», «жарысқа» себепші

болған «Ұшпа газеттің» ұйымдастырушысы, «бас редакторы» кім болғанын біз әуелде өз старостамыз, қасымызда жататын Темкең екенін білген жоқ едік. Оны кездейсоқ білдік.

Ол былай болған еді, тобымызда Қарағандыдан шахтер болып істеп оқуға түскен, Шаухат Құрманалиев деген жігіт бар еді, өзі сабаққа жиі кешігіп келетін, мінезі қияңпұрыстау болатын. Ол: «Ұшпа газеттің» сынына жиі ұшырайтын. Сол жігіт өзі туралы ащы ажуаға шыдамаған болу керек, 1949-50 оқу жылының аяқталар кезінде топ алдында кезекті «Ұшпа газеттегі» өзі жайлы қылжақ сықақты оқып тұрған Тәжімағамбетке барып, әй-шәйға қарамастан: «Айт,мына сықақты кім жазды?! Өзің болсаң осы жерде өлтіремін!» – деп, кеңірдегінен алды. Зәреміз жаман ұшты. Шынында, бұған дейін «Ұшпа газетті» кімнің дайындайтынын курстастар біріміз де білмейтінбіз. Шаухат әлгіндей әрекетке барғанда, ылғый өзі алдыңғы партада ұстаздың тап алдында отыратын Темкең: «Әй,Шаухат! Оны жазған да, осы «Ұшпа газетті» дайындап жүрген де мына мен! Өлтірсең, мына мені өлтір, қанды қол болсаң!» – деп, оның қасына жетіп барды. Темкеңе қол жұмсатпас үшін бәріміз, Шаухатқа ұра ұмтылдық.

Сөйтіп, курсымыздың, факультеттің мақтаны болуға керемет ықпал жасаған, өзімізді де жақсы оқуға жұмылдырған сатиралық мәнді «Ұшпа газетті» кім ұйымдастырып жүргенін, және оның мәтінін жазып жүрген сатириктің де Темкеңнің өзі екенін сол жолы білдік. Темкеңнің сатиралық шығармалар жазуына бастау болған осы «Ұшпа газеті» еді. Ал, енді сол студент кездегі «Ұшпа газетке» жазған материалдарын Темкең жинап жүрді ме, жоқ па? Оларды кейін өзі пайдаланды ма, жоқ па? Бұл жағын білмеймін. Бірақ сол ауызша сатиралық газет жайында Мұхтар Омарханұлы туралы жазған бір естелік-эссемде еске алған едім. Темкеңнің студент кездердегі сол газеттегі материалдары белгісіз болып жоғалып кеткен

жоқпа, әлде Темкеңнің жеке архивында барма екен деген ойға келесің. Ол материалдар табыла қалса, шіркін, Темкеңнің бастапқы сатиралық шығармасының сыры ашыла түсер еді-ау. Мұны мен сатира зерттеушілеріне құлақ қағыс ретінде жазып отырмын.

Темкеңнің болашақта сатирамен біржола айналысатынын біздер, журналистика бөлімінде оқитын студенттер Төлешев Сейділда деген ұстазымыздың «Сатира жанрынан» дәріс оқи бастаған кезінен бастап байқай бастадық. Ал ұстазымыз болса «Шынаров» деген бүркеншік атпен сқақ жазатын кеңестік Қазақстанның сол уақыттың өзінде әйгілі фельетоншысы екен. Оның жазғандарын Темкең бұрыннан оқып жүретін шәкірті болып шықты. С.Төлешев дәрістерін баяу дауыспен оқитын, ақырын ғана сөйлейтін, бірақ соның өзінде шек-сілемізді қатыратын, небір күлдіргі сөздердің сөз тіркестерін эпизод-оқиғаларды қызықтыра айтып отыратын. Мінезі жұмсақ ұстаз шәкірттерінің бетін қақпайтын. «Темірбек, ол былай...» деп бастайтын. Ал біз белсенді старостамыздың айтқандарын мақұлдайтынбыз, ал ұстазымыз сұрақтарымызға айыз қандыра жауап беріп отыратын.

Сол Сейділда Төлешев – Шынаров ұстазымыз сатира және оның жанрлары мен теориясынан бірсыпыра дәріс оқыды, ол кісі келесі бір жолғы сабағында неше түрлі,сыни, күлдіргі факты, дерек, эпизодтарды ыждаһаттап айтып дәптерімізге жаздырды да: «Осыларды іріктеп, фельетон жазуға тырысып, дәрістерімде айтқан теориялық мәселелер негізінде шарты фальетон жазып алып келіңдер. Сюжетті қалай құрау, факты, деректерді қалай пайдалану өз еріктерінде. Тек шымшыма, күлдіргі тіл болсын. Жазғандарыңды келесі дәрісте талқылаймыз», – деп тапсырма берді.

Сейділда Төлешев ұстазымыздың тапсырмасын сол жолы екі үш-ақ курстасымыз орындағаны есімде. Соның бірі

Темкең болған. Әйгілі ұстазымыз Темкең жазған фельетонды (өкінішке орай, оның тақырыбы да есімде жоқ Ә.Ы) жер-көкке сиғызбай мақтап: « –Темірбек, сенен түбінде не Гогольдай сатирик жазушы шығады немесе сатираның сардар теоретигі боласың! Сол жолда жолың болсын!» – дегені күні бүгінгідей есімнен кетпейді.

Сейділда ұстазымыз неткен дана кісі еді. Айтқаны дәл келді ғой. Университетті үздік тәмамдағасын Темкең болашақ журналисттерге сатира жанрынан дәріс беруге қалдырылды. Қайран Темкем, сондағы 48 жыл ұстаздық қызметінің бастапқы жылында-ақ жанындай жақсы көріп сыйлаған ұстазымыз Сейділда Төлешевтің фельетондарын толық жинастырып, оған алғыс сөз жазып, бастырып шығарды.

Темкең алдымен қазақ баспасөзі, соның ішінде, жастар баспасөзі тарихына назар аударып зерттеді. Сол зерттеулерін Темкем, 1958 жылы күзде «Ленишіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газеті редакциясына әкеліп, бірден оның бас редакторы Абай Бейсенбаевқа кіреді. Ол: «Біздікі баспасөз тарихы жайлы зерттеулер басуға арналған газет емес, жастардың еңбегі жайлы материалдар басатын газет»,– деп, мақаласын қайырып беріпті. Сонан соң сен: «Алпаң, өзіңді аттап өтіп, бастығыңа кіріп едім, жазғанымды өзіме қайтарып берді. Осыны өзің де оқып көрші!» – деп 15 беттік мәтінді алдыма тастай салдың.

«Бес жыл бірге оқып, сол жылдар ішінде оқытқан бір пәннен де ешқашан «4» алып көрмеген, көз майын көпшілік кітапханада кітап оқумен тауысқан, қашан да тобымызға жетекші болған Темкемді Бейсенбаев кім екенін қайдан білсін! Әуелі, мына, маған Алпаңыңа келмейсің бе?! Темке», – дедім де,өзіне сәл өкпе-наз білдіріп, редактор «Лениншіл жасқа» басуға келісім бермеген сала құлаш материалды алдым да, оқымастан баспаханаға теруге жіберіп, содан екі күн өткесін, Темкенің тұңғыш зерттеу материалы газет бетінде жарқ ете қалды. Сол үшін

бастығымнан сөгіс те алдым. Оқа емес! Дос үшін нар тәуекел еттім. Сол материал кейін 1960 жылы «Қазақ баспасөзі тарихынан» деген шағын кітапша болып басылды. Содан кейін-ақ, 1965 жылы Темкең диссертация қорғап ғылым кандидаты болды, содан ол шабыт пырағына отырды. Баспасөздің даму тарихы, онда қызмет еткен журналистер, қалам қайраткерлері туралы, әсіресе, сатира жанры жайында тың зерттеулерді бірінен соң бірін жариялап, бір ғылыми мекеменің жүгін бір өзі-ақ көтерді.

1962 жылы «Фельетон мәселелері», 1963 жылы «Төреқұлов журналист». 1964 жылы «Қожановтың шығармашылық мұрасы». 1966 жылы «Қазіргі қазақ сатирасы». «Бүгінгі қазақ сатирасының кейбір мәселелері». 1969 жылы «Ақын және революция». 1970 жылы – «Абай сатирик». 1970 жылы «Сатира және дәуір». 1974 жылы «XX ғасыр басындағы қазақ сатирасы». 1975 жылы «Қазіргі қазақ сатирасының даму жолдары». 1976 жылы «Қазақ баспасөзіндегі түрік тақырыбы». 1980 жылы «Адам,Қоғам,Сатира». 1982 жылы «Қазақ совет сатириктері». 1983 жылы «Сөз туралы сөз», «Сатиралық жанрлар». 1985 жылы «Сатира күштілер қаруы». 1986 жылы «Жыл құстары». 1987 жылы «Көк сеңгірлер». 1988 жылы «Сара сөздің сардарлары». 1991 жылы «Жас тілшілер серігі». 1996 жылы «Сатира негіздері». 1999 жылы «Қым-қуыт іздер». 2000 жылы «Сын мен шығарма». 2001 жылы «Жыл құстары», және т.б. зерттеулері жарық көрді.

Сөйтіп қайран Темкем 1972 жылдан – 1986 жылдың сәуір айына дейін бір жағы кафедра меңгерушісі әрі декандық қызметте бола жүріп, сатира жанры бойынша шәкірттерінің мейрімін қандырып, тебірентіп, толғандырып, тамсандырып, жүректеріне нұр құйып, жандарын сәулелендіріп, шалқытып дәріс берді. Оның үстіне уақытын босқа жібермей ерінбей еңбек етіп, 26 оқулық, 4 монография, 700-ден астам ғылыми зерттеу мақалалар жазыпты. 40-тан астам Кеңес дәуірінен бұрыңғы, кеңес

билігі кезінде өмір сүрген 40-тан астам сатиралық шығарма қаламгерлердің, қоғам қайраткерлерінің шығармашылықтарын зерттеді. Олардың арасында Абай, Ахмет, Мыржақып, Жүсіпбек, Бейімбет, Сәкен, Ілияс сынды әдебиет заңғарлары да, Тұрар, Нәдір, Ораз сында мемлекет, қоғам қайраткерлері де бар.

Шаршап-шалдығуды білмейтін неткен еңбекқорлық! 1986 жылы сәуір айынан бастап Темкеңнің ізіне түсе бастады. Желтоқсан көтерілісінен кейін журналистік факультеттің беделді деканының соңынан шырақ алып түсушылер көбейді. Ол кісіге саяси айып тағылды, көтеріліске қатысқан жастарға байланысты. 1987 жылғы 12 қаңтарда партия қатыранан шығарып, жұмыссыз қаңғыртты. Бірақ, мұндай қорлауға, тепкіге жүні жығылған жоқ, мысы да түскен жоқ. Қуғын-сүргінде жүріп архивте, кітапханаларда сарыла отырып алаш қайраткерлері, қаламгерлері туралы өндіре жазды. «Көк сеңгірлер» атты кітап соның айғағы. Бір қайғының бір қуанышы бар деген осы-ау.

Қазақ баспасөз тарихында сатира тарихын індете, тармақтата, тек түріне дейін талдап еңбек жазған Т.Қожакеевтей ғалым жоқ. Оның жазған оқулықтары мен оқу құралдары студенттер үшін білім қайнары болды. Ол тақырыпты зерттей білудің шынайы үлгісін көрсетті. Темкеңнің жазған оқу құралдарының тілі көркем, бейнелі, әрі ғылыми стилі бөлек болып келеді. Темкеңнің жазу мәнері мен жазу машығы да ешкімге ұқсамайды. Жазықсыз жабылған жаланың құрбандығына айналған Темкең жасымады, жігерін жанып, өзін-өзі қайрады, әділдік үшін күресті, ақыры ақталып шықты, Қожакеевті қаралаған пенделердің өздері жер болды. Темкең бұл жылдары творчестволық тұрғыдан қайта өрлеу, белестерге көтерілу үстінде болғаны қуантады.

Сын сағаттарда сатира сардарының сағы сынбай, ар-ождан туын жоғары ұстай білді. Т.Қожакеев 16 жыл декан болып істеді, университеттің атын шығарған шәкірттер тәрбиелеп

ұшырды. Тәуелсіз еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлесін шәкірттер тәрбиелеп өсіріп қызмет етті.

Қайран, Темкем! Сенің бүгінде шалқалап, маң-маң басып, ыйығыңды аңда-санда бір көтеріп қойып жүретін мығым, алшан басқан жүрісіңді сағындым! Кабинетіндегі ұзын столда қонжиып отыратын отырысыңды сағындым! Мінберде тұрып, әрлі-берлі қол сермеп, шыңылды қаңыраулы даусыңмен сөйлеп тұрған кескін-келбетіңді сағындым. Сол жаққа қарай жантайта сындырып жазатын ірі маржандай жазуыңды сағындым!

Соның бәрін көрмегеніме де, қоңыраулы дауысыңды естімегеніме де он бес жылдың жүзі болыпты дүние-ай десеңші! «Алпан! Батырым бармысың? Сұлуың, Зақманың қалай?» – дейтін сөзіңді есіткім келіп алаңдап қаламын!

Мен үшін, сен, Темкем тап қазір де, баяғы сол қалпыңда алыс сапарға аттанып кеткендей боласың да тұрасың. Сен өмірден кетсең де, көңілден кеткен жоқсың. Бәрібір сол кездегі студенттік жастық шақтарымыз құлынтайдай тебіскен кездеріміз, бір тілім қара нанды бөліскен күндеріміз ұмытыла ма? Сенің дос бейнең ардақты қалпында жадымда мәңгілік қалады.

Дерек көзі:

Темірбек Қожакеев: Ұстаз. Ғалым.Қайраткер. Естеліктер / Құраст. Мадет Қожакеев. – Алматы: «Мирас» баспасы, 2016. – 33-40-беттер.